

Қарағанды жасыл қалаға айналады  
2-бет

Бірлігі бекем елдің тірлігі көркем  
3-бет

Журналистердің бильярд бәсекесі  
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 30 СӘУІР, 2024 ЖЫЛ №48 (23 370)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## Құрметті жерлестер!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн – біздің бірлігіміз бен тұтастығымыздың символы. Ол әрбір қазақстандық үшін қымбат. Бүгінде біздің бірлігіміздің, өзара келісіміміздің арқасында еліміз тұрақты дамуда. Бір шаңырақ астында татулықта өмір сүре отырып, біз дәстүрлерімізді сақтап, Тәуелсіздігімізді нығайтуға мүмкіндік алдық. Мұның бәріне Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өсуінің негізінде қол жеткіздік.

Дана халқымыз «Бірлік болмай тірлік болмас» – деп бекер айтпаса керек. Шынында да, достық пен келісім мақсатқа қол жеткізудің, өркендеу мен дамудың басты кілті болып табылады. Біздің басты міндетіміз – бірлігімізді сақтай отырып, жарқын болашақты құру. Қазақстандық қоғамның осы мызғымас құндылықтарын сақтау – біздің басты міндетіміз.

Осы айтулы күнмен сіздерді және жақындарыңызды құттықтай отырып, барлықтарыңызға зор денсаулық, өркендеу мен бақыт тілейміз, шаңырақтарыңыздан шаттық пен береке кетпесін! Мереке құтты болсын, қымбатты қарағандылықтар!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,  
Қарағанды облысының әкімі,  
Нұркен КОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы



## Ынтымақ, Бірлік, Келісім – баянды бақыт ел үшін!

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында «Біз Құрылтайдың Атыраудағы отырысында негізгі идеологиялық тұжырымдарды жинақтап, жүйелеп алдық. Жалпыға ортақ құндылықтарды айқындадық. Бұл – ең алдымен, Тәуелсіздік және Отаншылдық. Одан кейін – Бірлік және Ынтымақ. Келесі – Әділдік пен Жауапкершілік. Сондай-ақ – Заң және Тәртіп. Бұдан соң – Еңбекқорлық пен Кәсібилік. Және – Жасампаздық пен Жанашылдық. Бұл – біздің саясат пен экономикадан бастап, білім мен мәдениетке дейінгі барлық саладағы бағыт-бағдарымыз. Мұның бәрі халқымыздың азаматтық бірегейлігін нығайтады. Сондай-ақ, еліміздің болашақ келбетін қалыптастырады», – деп атап өткен еді.

«Қол жұмылмай – жылынбайды»

Ардақты Оқырман, Қазақстан тарихі өзгерістер кезеңінде, әсіресе, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан реформалар аясында Бірлік күнін атап өткелі тұр. Бұл күн бастан кешкен бір белес кейпіндегі құр есте сақтау, өткен мен бүгінді теңгерерлік мезет қана емес, сонымен қатар, егемен елді жаңа көзжиектерге апаратын дәуірлік өзгерістерді бағалау сәтіне айналады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев байырдан келе жатқан қазақ халқының даңғыл да даңғайыр жолын жалғастыра отырып, XXI ғасырдағы жұрт санасын жаңғырту және оның қоғамдық институттарын нығайту жөніндегі өршіл де өрке жоспарларды алға тартты. Қазақстанда жүргізіліп жатқан соңғы реформалар аясында осы кезеңді мейлінше анық етіп айқындайтын негізгі темірқазық ұстындарға назар аудару аса маңызды.

► 4-бет

## Бір шаңырақ астында...

Қарағанды топырағына тағдыр талайымен келіп, түтін түтетіп, ұрпақ өрбіткен, Қазақстанды туған жерім, отаным деп білетін 120 дан астам ұлт-ұлыстың өкілі бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан тату-тәтті ғұмыр кешуде. Ата-бабамыз өзегінен итермей, бауырына басқан отандастарымыз бүгінде өз мәдениетін, тілін, дәстүрін дәріптеуде еш кемдік көріп отырған жоқ. Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл орайда басқа елде баламасы жоқ, бірегей институтқа айналғаны мәлім. Мұны өзіміз түгелі, өзге елдер де алдеқашан мойындап қойған. Қазіргі елдегі татулық, бейбіт өмір, ынтымақ бастауында осы институт тұр. Әлем таныған Ассамблея Қазақстан халқының бірлігін бейнелейтін визит картасы. ҚХА мүшелеріне үлкен жауапкершілік жүктелген. Олардың құзыретіне ел азаматтарына қатысты қандай да бір кемсітушіліктерге жол бермеу, бейбітшілік пен келісімді нығайту, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету кіреді.



Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі барлық этностардың мүдделерін нығайтуға ғана емес, сонымен қатар тілдерді оқытуды, медиация, қайырымдылық институтын дамытуға, сондай-ақ, елдің этномәдени бірлестіктерін аккредиттеуге бағытталған. Дәл осы институттың арқасында елімізде Тәуелсіздіктің барлық кезеңінде этникалық немесе діни негізде саяси қақтығыстар тіркелген жоқ деп сеніммен айтуға болады.

Мәселен, Қазақстан халқы Ассамблеясы Қарағанды облыстық құрылымының этносаралық саланы талдау мен мониторинг жүргізу және медиация бөлімінің басшысы Айжан Дүйсекеева жұмыстары көзге көріне бермегенімен, ұлтаралық келісімді нығайту жолында жасалып жатқан еңбектің көл-көсір екенін айтады.

► 5-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Италиядан жүлдемен оралды

Жуырда Италияның Сан-Ремо қаласында әйгілі XV халықаралық «Sanremo Junior – 2024» балалар ән байқауы өтті. Байқауда 6 жасан 15 жасқа дейінгі 26 елдің жас таланттары өнер көрсетіп, бақтарын сынаған.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл елімізде алғаш рет аты аңызға айналған «Sanremo Junior Kazakhstan – 2024» ән байқауына қатысуға өтінімдер қабылданды. Аталмыш байқаудың ұлттық іріктеу кезеңінен өтіп, лауреат атанған Мағжан Мыңбаев ән додасында еліміздің намысын қорғауға жолдама ұтып алған болатын.

Жуырда Италияда өткен өнер бәйгесінде қарағандылық Мағжан Мыңбаев жүлделі II орын және «Музыкалық аспапта үздік орындағаны үшін» арнайы жүлдесіне ие болды. 11 жастағы Мағжанның ұстазы – Арка ән мектебінің белді өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші – Дәуренбек Әркенов. Бұдан бөлек, жас дарын – елімізде өткен көптеген ән байқауларының жеңімпазы.

San-Remo Junior байқауы – БҰҰ UNICEF қаржыландыратын Италиядағы айтулы халықаралық



өнер сайысы. Жыл сайын бұл байқау өз сахнасында әлемнің 20-дан астам елдің ең талантты жарық жұлдызды таңдау үшін әйгілі «Ariston» театрында қатысушыларды жинап келеді.



# Қарағанды жасыл қалаға айналады

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының «Жасыл аймақ» апталығы аясында Әлихан Бөкейхан ауданының орталығы Майқұдықтағы «Қазақстанның 50 жылдығы» аталатын саябаққа 1100 жас ағаш егілді. Аталған ағаш егу шарасына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы келіп қатысты.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғамдық аумақты абаттандыруға жергілікті тұрғындар, мемлекеттік қызметкерлер, шағын және орта бизнес өкілдері жұдырықтай жұмыла келді. Демалыс орнында алма, шеген, мамыргүл, мойыл, қараған, қарағай, терек, ұсақ жапырақты қарағаш өсірілетінін айта кеткен жөн.

Президентіміздің бастамасымен елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Бұл бір күндік акция емес, ол ұзақ мерзімді. Облысымыздың тұрғындары аумақтарды тазалауға, қоғалдандыруға белсенді қатысып жатыр. Аймақта барлық аудандар мен қалаларда ағаш егу жүрде. Бұл жұмыс әлі де жалғасады. Тек Қарағанды қаласы аумағының өзінде 90 мыңнан астам ағаш егіледі. Кирзавод маңында орман алқабын қалпына келтіру жоспарланған. Белсенділік танытқандарыңыз үшін баршаңызға алғыс айтамын! – деп аймақ басшысы тұрғындарға алғысын білдірді.

Қалын бұқара біріккен жұмысқа Әлихан Бөкейхан ауданы мектептерінің директорлары да өз үлесін қосты.

Көктемнің басталуымен қала мен облыс бойынша әрдайым сенбіліктер өтеді. Біз де сол шаралардан шетте қала алмай-



мыз. Бүгін біз директорлар корпусымен бірге саябақта ағаш ектік. Ал, ата-аналар қауымы, мұғалімдер мен оқушылар мектеп аумағын қоғалдандырумен айналысады. Барлық ағаштар тамыр жайып, қаламыздың тұрғындарын қуантады деп үміттенеміз, – деді № 85 мектеп директоры Салтанат Тұрсынова.

Ересектермен бірге балалар да ағаш етуге белсене қатысты. Бірі жас ағашты ұстап тұрса, бірі қажетті нәрселерді ұл-

кендерге әкеліп беруге септігін тигізді.

Біздің саябақтың таза, жақсы және әдемі болғанын қалаймын. Өйткені, біз қолымыз бос кезде осында келіп ойнаймыз. Мерекелерде концерт тамашалаймыз. Сенбілікке ағаммен бірге келдім. Ересектерге көмектестім, көшеттер еккен шұңқырларға топырақ салып отырдым. Өзім де бір ағаш ектім. Саябаққа жиі барып, оның қалай өсіп жатқанын бақылап отырмақшымын. Мен үлкен жігіт болғанда ол жас ағаштың да үлкен болып өсіп тұрғанын көргім келеді, – дейді 7 жастағы Арсений Оберт.

Осы жылдың көктем айларында Әлихан Бөкейхан ауданына жалпы 10 мыңнан астам түрлі ағаш егілмек.

Бұдан бөлек, сенбілік аясында Қарағандыдағы ескі әуежай аумағы маңында 1000 пирамидалық терек егілді. Бұл ағаштар аллергиясы бар адамдар үшін қауіпсіз екенін айта кету керек.

Акцияға 300-ден астам қатысты. Атап айтсақ, әкімдік өкілдері, депутаттар, экологиялық қозғалыс еріктілері, ҚарУ студенттері, Қарағанды академиясының курсанттары және тағы басқа табиғат жанашырлары.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында егілген ағаштарға алдағы уақытта күтім жасалатынын айта кеткен жөн.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



# 1000 түп терек егілді

Өңірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасуда. Күн сайын әр өңірде тал егіліп, жасыл желектендіру жұмыстары атқарылуда. Бұл жолы Қарағанды қаласы әкімдігі мен «VI Group» компаниясы да экоакциядан қалыс қалмады. Екі тарап бірлесе Қазыбек би ауданының әуежай жолы бойына (шығыс айналма жолы) биіктігі 6 метрге жететін 1 000 түп «Пирамида терегін» екті.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Экоакцияға облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қызметкерлері, белсенді жастар, еріктілер мен жоғарғы оқу орындарының студенттері қатысты. Ұйымдастырушылар қатысушыларды тасымалдау үшін арнайы автобус дайындаған.

– Ауқымды шара Президент Қасым-

Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында өтті. Жалпы, қаланың көркі әрі ауасының тазалығы – адам денсаулығына басты әсер ететін фактордың бірі. Осы акция аясында компания басшылығы 1000 түп терек екті. Ең бастысы – қала көркі, қала тазалығы. Егер қоршаған орта таза болса, адам денсаулығы да жақсара түсетіні анық, – деді «VI Group» компаниясының Қарағанды қаласындағы өкілі Нұрлан Аманбеков.



Пирамида терегі – аллергиялық аурулармен ауыратын адамдар үшін қауіпсіз. Әрі, бұл тұқым кез келген топырақта өседі. Аймақтың климатына да келеді. Десе де, күн көп түсетін жерде егілуі қажет. Осы бір ерекшелігін ескере отырып, әуежай жолы бойы таңдалып алынған.

«Таза Қазақстан» акциясы басталғалы бері аймақтағы барлық қала мен ауданның жастары, еріктілері белсенділік танытуда. Осы акция аясында біз де қалыс қалмай, қоршаған ортаны жасыл желектендіру мақсатында сенбілікке шықтық. Акцияға атсалысқан барша жанға ризашылығымды білдіремін. Ең бастысы – қаламыздың тазалығы, – деді басқарманың жастар саясатын дамыту және салааралық үйлестіру бөлімінің бас маманы Жасұлан Хамитов.

Жастар межелі орынға келген бойда қолдарына күрек ұстап, ағаш егудің қамына кірісті. Бірі шұңқыр қазса, енді бірі су толы шелектерді тасыды. Экосенбілікке шыққандардың қатарында Қарағанды зерттеу университетінің II курс студенті Зият Сәдуақасов та қатарластарынан қалмай, өзіндік үлес қосты.

Бұл шарада қатарластарымыздың белсенділігін, қызығушылығын анық аңғардық. Қаланың әр шетінен келген жастар экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ғана емес, қоршаған ортаның тазалығына үлкен үлес қосты. Әрі, бұл біз үшін керемет бас қосу болды, – деді Зият Сәдуақасов.

Сурет ұйымдастырушылардан алынды

# Мереке жаңа мазмұнда аталады



Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аппарат жиынында мамыр айындағы мерекелерді тойлау мәселесін қарастырды. Бұл ретте аймақ басшысы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқынына байланысты күрделі жағдайды ескере отырып, мерекелік шараларды қайта форматтау туралы тапсырма бергенін атап айтты. Яғни, барлық қоғамдық күштер мен ресурстар, мерекелік шаралар табиғи апат салдарын жою және зардап шеккен халыққа көмек көрсету мақсатында халық бірлігі аясында өтуі тиіс екенін еске салды.

Жаная ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Мереке мәні арта түседі

Облыстық ішкі саясат басқармасы басшысы Нұрлан Бикинов 1 мамырдан «Береке – бірлікте» жалпы республикалық акциясының басталатынын айтты.

Бұл акцияға аймақтың еріктілері мен кәсіпкерлері қатысады. Бұл күні су тасқыны кезінде құтқару жұмыстарымен айналысқан волонтерлер мен құтқарушыларға құрмет көрсетіледі. Сонымен қатар, Достық үйінен Солтүстік-Қазақстан облысына «Қайырымдылық керуені» гуманитарлық көмегі жөнелтіледі. Қазақстан халқы Ассамблеясы бастамасымен «Бірлік» марафоны бастау алды. Оған 1500 спортшы мен Ассамблея мүшелері қатысты. Бұдан бөлек, дөңгелек үстелдер, кездесулер ұйымдастырылады. Мемлекет басшы-

барқарсыя. – Туризмді дамытудың негізгі орындары – Балқаш курорттық аймағы мен Қарқаралы ауданы. 2023 жылы 362,3 мың адамға қызмет көрсетілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 18%-ға жоғары. Жалпы құны 6,3 млрд. теңгені құрады. Бүгінгі 245 нысан туристік бағыттағы қызмет көрсетеді.

Балқаш курорттық аймағы ТОП-20 орындарға кіргені белгілі. Осыған байланысты Балқаш қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді. Балқаш қаласының «Бергіс» шығанағы ауданында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жақсарту, жағажайды абаттандыру, нысандар салу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Туристерді тарту және Балқаш курорттық аймағын танымал ету мақсатында іс-шаралар тұрақты өткізіледі.



Сурет аймақ басқармасының сайтынан

сы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында бірлік пен ынтымақтастық мемлекеттік саясаттың басты құндылығы екенін айтты, – деді Нұрлан Рахметуллаұлы.

Ал, Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні мерекелеріне арналған шаралар еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, соғыс ардагері Сағадат Нұрмағамбетов пен Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығымен астанада.

Бүгінгі күні облыста Ұлы Отан соғысының 11 ардагері бар, – деді Нұрлан Бикинов. Олардың әрқайсысы мереке қарсаңында жергілікті бюджет есебінен 2 млн. теңге алады. «Ардагерлерге тағзым» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылады. «Таза Қазақстан» акциясы аясында волонтерлер ардагерлер мен оларға теңестірілген жандардың ауаларын тазалады. 171 ескерткішке тазарту және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. «Ер есімі – ел есінде» акциясы да онлайн форматта жүргізілетін болады.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нелдібаев облыстың мәдениет орындарында 100-ден астам шара жоспарланғанын, онда 11 мыңнан астам адам қамтылатынын айтты.

Мерекелік шаралар аймақта 15 сәуірден бастап ұйымдастырылуда. Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің Тәттімбет атындағы қазақ ұлттық аспаптар оркестрі «Жеңіс жаңғырығы» концерті, Кеншілер мәдениет сарайында «Ардагерлер ән салды» хор ұйымдарының облыстық фестивалі, «Жас сарбаз» патриоттық әндердің облыстық марш конкурсы, С.Сейфуллин атындағы қазақ облыстық театрында «Қыран қазақ» спектаклі өтеді. Ал, «Сарыжайлау» кинотеатрында көркем және документальді фильмдер көрсетіледі, – деді Ерлан Мекежанұлы.

## Туристік маусым ашылар күн жақын

Бұдан бөлек, алдағы туризм маусымына да дайындық мәселесі пысықталды. Ол туралы облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская баяндады.

Облыста туризмді дамыту бойынша жұмыс туристік саланы дамытудың 2025 жылға дейінгі жол картасы шеңберінде жүргізіледі, – дейді Ирина Лю-

Мәселен, былтырғы «BalhashTourFest» музыкалық фестиваліне 10 мыңнан астам адам қатысты. Биыл аталмыш фестиваль 21-23 маусымда өтеді. Мәдени бағдарламаның ауқымы мен мазмұны өзгереді, жағажай волейболынан республикалық турнир өткізу мәселесі пысықталуда, – деді басқарма басшысы.

Қарқаралы курорттық аймағы биыл ТОП-50-ге кірді. Мұнда спикердің айтуынша, 23 мыңнан астам туристке қызмет көрсететін 37 үй мен демалыс аймағы жұмыс істейді.

Туристерді көбірек тарту үшін Қарағанды-Қарқаралы автомобиль жолында орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Инвесторларды тарту мақсатында пайдалануға Қарқаралы табиғи паркінің аумағында жалпы ауданы 10,78 гектар 20 жер учаскесі бар. Туризмнің өсу нүктесі ретінде Қарқаралы қаласының батыс жағында, ұлттық табиғи паркімен шекарада орналасқан «Бұғылы» рекреациялық аймағы анықталды. Осы бағытты насихаттау мақсатында Қарқаралы ауданында іс-шаралар өткізілуде. Қарқаралының 200 жылдығын мерекелеуде «Mountain Bike» веломарафоны, танымал блогерлер, туроператорлар, БАҚ үшін ақпараттық тур және «Бұғылы Travel» марафоны және басқалары өткізіледі, – деді Ирина Юрьевна.

Оның айтуынша, туристік саладағы кәсіпкерлерге субсидия ұсынылады. Бүгінгі таңда Қарағанды, Саран қалаларында, Бұқар жырау ауданында 4 санитарлық-гигиеналық торап субсидияланды.

Былыр мемлекеттік қолдау шараларын Балқаш қаласынан 4 кәсіпкер пайдаланды. Жалпы субсидиялау сомасы 386,96 млн. теңге. Қарқаралы ауданында 10 млн. теңгеге туризм саласындағы гранттық қаржыландыру бойынша 2 жоба субсидия алды. Сондай-ақ, бір жоба аудан әкімінің 1,5 млн. теңгелік грантына ие болды.

Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы шеңберінде қаржылық қолдау жалғасуда. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында туризм саласында 290 млн. теңге кредит сомасына 4 жоба қаржыландырылды, – деді Ирина Любарская.

Ермағанбет Қабулаұлы осы бағыт бойынша Балқаш қаласы әкімі Сапар Сатаевтың, Қарқаралы ауданы әкімі Әділжан Аргыновтың баяндамаларын тыңдады. Облыс әкімі аймақтың туристік әлеуетті арттыруға бағытталған бірқатар тапсырмалар берді.





• ЖҰМЫР ЖЕРДЕГІ БІР ҒҰМЫР...

## Вера

Мен осы бір бөгенайы бөлек әнгімені жас кезімде әкем Жұмаш Шәдетұлынан естіп, есімде сақтап қалыппын, көпшілікке жеткізудің сәті енді түскен тәрізді...

Оқиға 1941 жылдың қараша айында, еш тоқтаусыз шабуылдаған, неміс әскерінің Мәскеу түбіне жақындап, 7 қараша күні Қызыл алаңда Жеңіс мейрамын тойлауға шешім шығарған уақытына сәйкес келеді. Осы жағдайға орай, Поволжье бойындағы тұрғылықты немістер фашист әскерін қуанышпен қарсы алуға дайындық жасаған.

Үкімет жағдайды саралап, Поволжье немістерін Сібірге, Қазақстанға, Орта Азия республикаларына жер аудару турасында шешім қабылдаған. Сол тапсырмаға сәйкес, шалғайдағы Үміткер ауылына 20 шақты немісті ешкімге ләм-мим деп ескертпестен, күздің қара суығында қолхоздың мал қорасына түсіріп кете барады құзыреттілер.

Ол уақытта қолхоз бастығы болып істейтін әкем Жұмаш Шәдетұлы дала жұмыстарын аралап келе жатып, мал қорасының төбесінен шығып жатқан түнді көзі шалады. Қора-қопсының ішінде біраз адам от жағып, жылынып отырғанын көреді. Кімдері жүп-жұқа бала-шаға, қартаң тартқан шал-кемпір әбден тоңған әрі шаршаған, өлімнің аз-ақ алдындағы халде екен. Ішіндегі бір жазғы көйлек киен 10-11 жастағы



неміс қызы жылап келіп, әкемнің үзгенінен ұстап айырылмайды екен. Әкем болса, әлгі қаршадай қызды үйге алып келіп, тамақтандырып, киіндіріп, отбасының бір мүшесіндей тәрбиесіне алады. Сонан соң әлгі мал қорадағы адамдарды үйді-үйге қоныстандырып, қоймадан азық-түлік бергізеді.

Кейіннен олардың көпшілігін қолхоз жұмысына пайдаланады. Арасында қолынан іс келетін мамандар бар екен. Әсіресе, Рудольф деген ұста жүк арбаларының дөңгелегін жөндеуде таптырмайтын кәсіпші ұста екен.

Сонымен, жаңағы біздің үйге келген Вера есімді неміс қыз өте тәртіпті, ұқыпты болып өсті. Қазақ тілін үйренді.

Інім Кеңес екеуімізді «бала қаздай жем беріп» тәрбиелеп өсірді. Кейбір көріністеріміз шешеміз Қапсаға ескертгіп, «Байқа, неміс қызы балаларына қастандық жасамауын қадағала» деген рәуіштегі сөзін естіген Вера жылап, «Олар – менің бауырларым», – дейді екен.

1946 жылы әкем Үлгі қолхозының басқарма төрағалығына ауысқанда, бізбен бірге Вера да Үлгіге барады. Ол сымбатты қыз болып бой жетеді. Мұнда Вераны көңілі қаламаған бір жігіт алып қашады. Ертенінде Вера үйге қайтып келіп, «Енді Үлгіде қала алмаймын, мені Үміткердегі туыстарыма апарып салыңыздар», – деп өтінеді екен. Әкем мен шешем киім-кешегін, көрпе-жастығын, ыдыс-аяғын түгендеп, ұзатқан қыздай туыстарына апарып салады. Үміткерде ол Жұма Әлиақпаров есімді азаматқа тұрмысқа шығып, ғұмыр бойы тату-тәтті өмір сүреді. Көпбалалы ана болады, мұсылман дінін қабылдап, намаз оқып, ауылға сыйлы бәйбіше атанып, өмірден өтті.

Міне, ардақты оқырман, тарих парағына осындай таңғажайып ғұмыр несі де бәдізделіп енгелі тұр...

**Жеңіс ШӘДЕТОВ,  
Бұқар жырау ауданының  
Құрметті азаматы**

Сурет ашық дереккөзден

# Жаһандану һәм ұлттық тәрбие

«Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы қажет. Сонымен бірге, жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жасалуға тиіс», – деген еді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда. Осы орайда бұл жазбамызда жаһандану үдерісінің ұлттық мәдениетке, мемлекетке және жас ұрпақтың санасына тигізетін негативті әсеріне және қазіргі таңдағы ұлттық болмысымызға төніп тұрған сын-қатерлер мен жастарды қалай ынтымақ-бірлікке баулып, бәсекеге қабілетті қылып өсіруге болатынына қысқаша зер салмақпыз.

Кез келген елдің ұлттық мәдениеті, сол ел азаматтарының бойына дұрыс дарыса, ол елді іштен де, сырттан да жау ала алмайтыны белгілі.

Жаһандану тақырыбына арналған зерттеулер көп болғанымен, аталмыш феноменнің жаңа қырлары мен даму бағыттарын сараптайтын, жаһанданудың дамыған әрі дамушы мәдениеттерге тигізетін әсері ғылымның барлық салаларында маңызды. Соның ішінде, әлеуметтану ғылымы әлемдік жүйенің, әлеуметтік-мәдени өзегінің негізгі қасиеттерінің өзара әрекеттесуі арасындағы қатынас сипаттарына назар аударады.

Жаһанданудың қыр-сырын зерттеген Хабибулы Хақа Хонгира: «Жаһандану – жеңіс пен жетістікке жеткізетін үрдіс, әрі жаһандану – залалды» деп санаған. Жаһандануды кейбіреулері жолындағының бәрін жоятын күш ретінде көрсетсе, басқалары экономиканы өсіріп, жаңаруға апаратын пайданың көзі деп қарастырған.

Ғалымның пікірінше, жаһанданудағы ұтыс пен ұтылудың нәтижесі ұлттық мәдениет пен мемлекеттік ұстанымға тікелей байланысты. Жаһанданудың идеологы М.Уотерс, жаһандану әлемінде аумақтық шекаралар мен елдер арасындағы саяси-экономикалық қатынастардан ұлттық мүдделерден тәуелсіз жаңа әлем қалыптасатынын айтады. Қалыптасқан әлем, біртұтас қоғамды, біртұтас мәдениетті бейнелейді. Бұл дегеніміз, мәдениеттердің жалпы адамзаттық мәдениетке ерікті интеграциясы болады.

Жаһанданумен айналысатын ғалымдардың кейбіреулері «әлемдік бірігу» барлық салаларда көрініс тапқанымен «дін», «мәдениет», «ұлт» секілді ұғымдардың төңірегінде жылдам қарқынмен жүзеге аспайтынына назар аударған. Мысалы, С.Хантингтон «Өркениеттер қақтығысы» кітабында: «...Біз батыстық идеологияның прогрессивті дәуірінің аяқталуына бастан өткіріп жатырмыз, енді жаңа дәуірге қадам басқан әртүрлі мәдениеттер өзара әрекеттесіп бәсекелестікте өмір сүреді...» – десе, басқа бір еңбегінде Хантингтон мәдениет пен дінді адамзатты жік-жікке бөлетін, соғысты тұтандыратын қақтығыстардың бастауы деп есептеген.

Гарвард университетінің профессоры С.Хорффман «Әлемдік мәдениеттің жаһандану мәдени әртүрлілікті туғызып, ұлттық мәдениеттердің, әдет-ғұрыптардың, құндылықтардың нормаларын жаңғыртуға бағытталған мәдениеттердің плюралистік синтезі (локалобализация)» болады деп санайды.

## Ынтымақ, Бірлік, Келісім – баянды бақыт ел үшін!

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Кез келген халықтың басын талайына тап келген тағдыры қосады. Бұл – ашы да болса, ақиқат! – дей келе, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Шамиль Осин Президент ұстанған бағдарға пайымды пікір білдіре кетті. – Әлбетте, мемлекеттік тілдің ұйыстырушы фактор ретіндегі орнын ешкім ешқашан ешқайда шегере алмайды. (Қазақ тілінде сөйлеп. Е.К.) Біз біргеміз! Қазақ тілінің мәртебесінің шеңберінде біз біргеміз! Ж.Баласағұнның «Халық тарықса, саясат түзейді» деген ұлағатты сөзі бар-тын. Қасым-Жомарт Кемелұлы елін есті саяси жолымен бірлік пен жалынды ағымға ынтымақ жолына үндеуде. Бірлік күні бірегейлікке ұмтылдырсын деп тілек қосамын!

Реформалардың бірінші және, мүмкін, ең мәнді аспектісі – демократиялық институттарды нығайту. Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық қоғамды дамытудың маңыздылығына және азаматтардың шешім қабылдауға қатысуын арттыруға қатысты нақты ұстаныммен көпшілікке кеңінен білдірді. Бұған сайлау жүйесін жақсарту, сөз бостандығы мен әр азаматтың ақпаратқа қол жеткізу құқығын кеңейту бастамалары кіреді. Қош. Мақаланың тақырыбы «Бірлік» сөзінен бастау алды. Бұл жай сөз емес. Задьнда, мұны қоғамның жетістігі мен өркендеуіне үлкен мән үстейтін ұғым ретінде тереңірек түсінесіз етті. Мәдениет, дін, саясат және



С.Хантингтон мен С.Хорффманның тұжырымдарында мәдени унификация бірден жүзеге асып кетпейді. Керісінше, бұл салалар болашақта қақтығыстың негізгі ошағына айналады. Сондықтан, ұлттық мәдениетті заманның талабына сай бейімдеу өте маңызды!

Мәдениеттанушы, әлеуметтанушы, тарихшы ғалымдардың зерттеулерінде тіл, мұра, дәстүр, әдет-ғұрып, отбасы, экономикалық жүйелер (өмір салты), ұлттық мерекелер ұлттық кодтың негізі саналады. Жеті элементтің әрқайсысы өзін-өзі қамтамасыз ете отырып, бір-бірімен архетиптік байланыстардың үздіксіздігі жағдайында ғана ұлттық кодқа айналады. Кем дегенде бір байланыстың жоғалуы немесе деформациясы мәдени кодтың мутациясына, бірегейліктің жоғалуына, этникалық жады қабілетінің бұзылуына әкеледі.

Мысалға, салт-дәстүр қоғамдық өмірде әлеуметтік, интегративтік, реттеушілік, коммуникативтік, әлеуметтік-психологиялық, идеялық-тәрбиелік қызметтер атқарады. Дәстүр мен әдет-ғұрыптың құрылымында дін ерекше роль атқарады. Дін, адамгершілік, эстетикалық, идеялық мазмұн, ережелер, нормалар мен принциптер, тұлғаның саяси және рухани қасиеттерін қамтиды.

Дін мәселесі қазақ ойшылдарының шығармалары мен жыр-толғауларының негізгі ұстанымы болғанын дәлелдейтін талай тарихи-мәдени мұраларымыз бар.

Алысқа бармай, Шәкәрім Құдайбердіұлының мына бір өлең шумағына тоқталсақ: «Дін адамды бір бауыр қылмақ еді, Оны бөліп, дұспандық қару жасар. Инжіл, құран – бәрі айтып тұрса дағы, Мағынасынан адасып қара басар. Сөйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді, Дін десе білімділер тұра қашар.

Ешбір дін үйіп дұспан бол демейді, Қанекей бұл сөзіме кім таласар». Шәкәрім Құдайбердіұлы ешбір дін «қиянат жаса, дұспан бол» демейді деп отыр. Ендеше, кім дінде емес, сол дінді ұстанушылардың оның түп мағынасын түсінбей, дінді қолшоқпарға айналдыруында. Сөйтіп, есіл дін бұзылады дейді. Яғни, кемшілік дінде емес, діншілдерде болып отыр. Тағы бір өлеңінде: «Құран сырын түсінбей бұрса дағы, Жасырылмай жарқырап тұр қарамат. Жаман тәпсір жайылып жер бетіне, Дін десе тұра қашты есті азамат, Бар обалы олардың тәпсіршіде, Адасып нұрлы аятқа жағыпты тат. Ол қатені түзеткен әлімдер көп, Соның сөзін оқысам, боламын шат. Қиянатың бар болса, иманың жоқ, Маған десе, мың жылдай қыл ғибадат», – дейді Шәкәрім.

Білімділердің, есті азаматтардың діннен тұра қашуының негізгі себебі жаман тәпсірде деп отыр. Әлемдегі зомбылық, фанатизм, экстремизм, терроризм сияқты теріс көріністер «жаман бұрмаланған тәпсірдің» негізінде жатқаны белгілі. Еліміздің ертеніне не болатын жастарымызды да мұндай қауіптен сақтауымыз керек.

Дж.Фридман, А.Аппадурай сынды қазіргі әлемдегі мықты аналитик-ғалымдардың зерттеулерінде діннің мағынасын бұрмалап, адамның санасын ұлайтын әдіс-тәсілдер қалай өрбитіні

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

жан-жақты талданған. Ғалымдардың пікірінше, мықты қаржымен қаруланған ақпараттық кеңістік ұлттың идеологиясын шайқалту үшін небір қитұрқы жолдарды әзірлейді. Солардың ішінде әсіресе, дін арқылы этностың ішіндегі алауыздықты, ұлт аралық қақтығыстарды өршітетін сценарийлер өсе түседі.

Олай болса, хакім Абай айтқандай: «Бірінді қазақ, бірінді дос, көрмесен істің бәрі бос» – дегендей, тәуелсіздігіміздің тұғыры мықты болуы үшін, бейбітшілікті, ауызбіршілікті сақтау өте маңызды.

Ендеше, жас буынның бәсекеге қабілетті, ғылым-білімге жақын, зиянды қылықтардан аулақ болып өсуі үшін жастайынан еңбекке баулып, өмірге бейімдеп өсірген жөн. Қаршадайынан ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, патриоттыққа баулу маңызды. Сонда олар елімізде өмір сүретін түрлі этнос өкілдеріне, олардың наным-сеніміне де құрметпен қарауды, бірлік пен ынтымақта өмір сүруді үйренер еді.

Осындай нақты әрі жауапты іс-әрекеттер арқылы адал азаматтардың қалыптасуына, ертеніміздің негізі мықты қалануына ұйытқы болу ортақ парыз деп білемін.

**Жарқын ТҮСПЕКОВ,  
Ә.Сағынов атындағы  
Қарағанды техникалық  
университетінің оқытушысы**

пікір қайшылықтарына тап болған қазіргі әлемде бірлік үйлесімділік пен дамуға қол жеткізу үшін қажетті бірден-бір бірегейліктің тұмары іспетті бірегей нышанына айналады.

### «Ынтымақ болмай, іс оңбас»

Адамдар ортақ мақсат бағытында ұйысқанда олардың табысқа жету мүмкіндігі жоғары болады. Бұл жазылмаған қағида шағын топтардың ауқымында да, мұқым ұлттардың аясында да тең қолданылады. «Бірлік» категориясы тым күрделі мәселелер мен сандаған қақтығыстарды оңтайлы шешуге игі ықпал етеді. Әртүрлі көзқарастағы жандар бір мүдде шеңберінде, ортақ шешім таба алатын болса, бұл бейбітшілікке өмір сүруге әрі сөзсіз дамуға негіз болады.

– Достар, түрлі қиындық атаулысына байыппен қарап, бір-біріне басалқы айта алған дана халқымыз нінін төмен салмай қайрат қылуға. «Алпыс күн тасыған дарины алты күнде қайтады» деген мәйекті мәтел көп нәрсені аңғартса керек. Ақ-жарылқар айшықты күндер алдымызда! Бар арман тек бұқара аманатына адалдық таныту. Қиыншылық – бір мектеп. Тату жұртқа таксірет жуымайды! Бірлігімізге де, тірлігімізге де өзіміз ғана иеміз. Алдағы мерейлі мереке құтты болсын! – дейді «LITUANICA» этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Виталий Ионо Тварнонас.

Ақырында, сіз бен біз сөз еткен Бірлік қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Адамдар өздерін біртұтас жүйенің бір бөлігі ретінде сезінгенде, олар ортақ игілікке қызмет ететін заңдар мен институттарды қолдауға бейім. Бұл тұрақсыздық пен хаосқа әкелуі мүмкін қақтығыстар мен бөлінулердің алдын алуға көмектеседі. Енді осы ымыра мен ынтымақ арқасында ел экономикасын әртараптандыруға және өркендетуге бағытталған экономикалық реформаларға тоқталсақ. Президент инвестициялық ахуалды жақсартудың, кәсіпкерлікті ынталандырудың, шағын және орта бизнесті дамытудың маңыздылығын атап өтті. Бұл түбегейлі шаралар экономикалық тұрақтылықты нығайтуға және Қазақстанның әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталып отыр. Бұған азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік реформалар легін қосалық. Мемлекет басшысы денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйесін жақсартуға, төңіріктің азайтуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске шақырды. Бұл шаралар неғұрлым әділ және тең құқықты қоғам құруға нысана алды.

### Төртеуі түгел – төрге шығар

Ыждаһатты Оқырман, сайып келгенде Бірлік күні Қазақстанның халқының сан алуан мәдениеті мен дәріпті дәстүрін,

әртүрлі этностың ерекшелігін құр атап өту үшін ғана емес, өткенімізге салауат қылып, болашағымызды бағамдар сәт десек, жарасар. Қоғам өмірінің әртүрлі салаларында жүзеге асырылатын реформалар елді орнықты, әділ және өркендету отырып, дамуы жаңа перспективалары мен мүмкіндіктерін ашады. Сын-қатерге толы кезеңде Қазақстан өзінің стратегиялық мақсаттарына берік ілгерілеуде. Жүйелі саяси реформаларда, экономика нын жаңғыртуда және қоғамдық этиканы жанартуда елеулі табыстармен ел өркендеу мен дамуға елеулі қадамдар жасауда.

Саяси өзгерістер азаматтық қоғамға серпін беріп қана қоймай, азаматтардың шешім қабылдауға қатысуын кеңейтті. Бүкіл билік қазір елдің дамуы үшін жаңа координаттар жүйесін құра отырып, адамның мүдделерін, құқықтарын мен бостандықтарын қорғау үшін жұмыс істейді. Әділдік пен инклюзивтілік қағидаттарына негізделген жаңа экономикалық модельге көшу әрбір азамат үшін лайықты өмір сүру деңгейін уәде етеді. Бұл реформалар бұрын-соңды болмаған сипатына қарамастан, одан әрі сапалы іске асыруды талап етеді.

Жаңа биіктерге жету үшін ондаған жылдар бойы жинақталған мәселелерді шешу қажет. Тек күш-жігерді біріктіре отырып, біз болашақ дамуымыз сенімді негізін қалап, саясатта, экономикада, мәдениетте және қоғамда түбегейлі өзгерістерге қол жеткізе аламыз...

## Кемелдену кепілі

Түрлі себеппен қазақ даласына қоныс аударған сан алуан этностардың бүгінгі ұрпағы болашағын біздің елмен байланыстырып, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл – әлемнің барлық елінде бола бермейтін ерекшелік. Оның қайнар көзі Қазақстан халқы Ассамблеясынан бастау алады. Ассамблеяның жұмысын «Қоғамдық келісім» мекемесі үйлестіреді.

«Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің Ассамблеяның атқарушы органы ретіндегі қызметі «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңға, Қазақстан халқы Ассамблеясының 2026 жылға дейінгі даму тұжырымдамасына, Мемлекет басшысының Ассамблея сессияларында сөйлеген сөзіне және басқа да бағдарламалық құжаттарға негізделеді. Оның ішінде, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды түсіндіру және ігерілету бойынша ақпараттық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту бойынша этномәдени бірлестіктермен және өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру, Ассамблея қызметін ақпараттық насихаттау, ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету міндеттерін айтуға болады. Аталған институттың атқарушы органы ретінде «Қоғамдық келісім» мекемесі Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этномәдени бірлестіктердің өзара әрекеттесуіне ықпал етеді.

Бүгінгі таңда облыста 59 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Олардың барлығы аймақтың қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласады. Мәселен, түрлі этнос өкілдері Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясына белсенді қатысуда. Одан бөлек, ҚХА, этномәдени бірлестік мүшелері Әлихан Бөкейханов атындағы аудандық қоғалдандыруға қатысып, Көгілдір тоғандар шағын ауданына 5 қылқан жапырақты және 50 акция бұталарын отырғызды. Оны толығымен Ассамблея мүшелері, кәсіпкерлер қаржыландырды.

ҚХА мүшелері су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету шараларға қатысқанын айту керек. Елдегі «Достық үйлерінде» гуманитарлық көмек жинау штабы жұмыс істейді. Мұндай штаб Қарағандыдағы Достық үйінде де жұмыс істейді.

ҚХА «Жүректен жүрекке» акциясы аясында Қарағанды облысынан су тасқынына байланысты қиын жағдайға қалған өңірлерге 100 тоннадан астам гуманитарлық көмек жіберілді. Бұл көмек кәсіпкерлердің, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерінің, жұртшылықтың, өңірдің қарапайым азаматтарының қатысуымен қалыптасты.

Еліміздегі түрлі оқиғалардан да қалыс қалмайтынмызды көрсететін тағы бір оқиға «Бірлік жүгірісі» жарысы болды. Оған 1500-ге жуық қарағандылық қатысты. Бұл жарыс еліміздің барлық облыстарында өтті және қарағандылықтар да өз ынтымақтастықтарын білдірді.

«Елтану» тарихи-танымдық экспедициясын да ерекше атап өту керек. Экспедиция Шымкент, Түркістан қалаларында өтті. Бағдарламада осы өңірдегі тарихи орындарды аралау ғана емес, Қарағанды облысы туралы материалдардың тұсауына да ұйымдастырылды. Биылғы «Елтану» жобасы Қарағанды қаласының 90 жылдығына арналды. Қарағандының тарихи орындарымен, тарихымен таныстыру, түрлі сала адамдарымен кездесу ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. «Болашақ үшін естелік» ғылыми-практикалық конференциясы да жыл сайын өткізіліп тұрады. Былтыр шара халықаралық мәртебеге ие болды. Қазір конференцияға дайындық жүріп жатыр. Оны Е.Бөкетов атын-



дағы Қарағанды зерттеу институтымен бірлесіп өткіземіз.

«Қол өнер – төл өнер», «Ұлы даланың ұрпағына мың алғыс», «Өнерім саған, Қазақстан!», «Мың бала», «Ұлы Даланың ұлт-аралық тілі» жобалары, «Дорогой мира и согласия» бейнежазбалық турғындар арасында кең таралып, қолдауға ие болды.

Бүгінгі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымының бағыты жан-жақты. Ол жасты да, қартты да қамтиды. Түрлі бастама көтеретін жастары да, ақыл айтар данағой қарттары да бар. Аналар кеңесі, журналистер клубы белсенді жұмыс жасап тұр. «Мәміле» қазақ тілі клубының да жұмысы жүйелі, нәтижесі айтарлық. Былтыр клубта 50-ге жуық адам білім алды. Клубтың оқытушысы Ольга Тим – өз ісінің маманы. Мемлекеттік тілге жанашырлығы үшін былтыр ол облыс әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығына ие болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында Мемлекет басшысы: «Достық үйі этномәдени бірлестіктер бас қосатын орын ғана болып қалмауы тиіс. Сонымен бірге ол жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жол ашып, тірек болатын, бірлік, жасампаздық, орлеу сияқты құндылықтарды дәріптейтін орталық болуы қажет», – деді.

Біз өз жұмысымызды уақыт талабына сай етіп құруға тырысамыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының кез келген жұмысы, барлық бастамасы, қоғамдық тыныштықты сақтауға қосқан үлесі әлеуметтік желілерде белсенді насихатталады. Себебі, олар бір этностың ғана емес, тұтас Қазақстанның болашағы үшін, елдегі бірлік пен ынтымақ үшін еңбек етуде. Бір мүддені көздеген көпшілік бас қосқанда осылай болады.

**Гүлнара КАСЕМБАЕВА,**  
**«Қоғамдық келісім» мекемесінің директоры**

## Бір шаңырақ астында...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дауды шешудің кепілі ретіндегі медиатор жұмысы бүгінгі таңда өзекті. Кәсіби және қоғамдық медиаторлармен жұмыс жасайтын бөлімнің ұстанатын негізгі бағыты – этномедиация.

– Кез келген дау-жанжалды уақытылы шешесе, болмашы дүниенің өзі мемлекеттік деңгейдегі үлкен қақтығысқа айналып кетуі мүмкін. Еліміз Тәуелсіздік алғалы ондай жағдайлар тіркелмесе, ол – Ассамблея жұмысының арқасы. Біз 25 кәсіби медиатормен жұмыс жасаймыз. Одан бөлек, қоғамдық медиаторларға бағыт-бағдар беретін де – осы бөлім. Жалпы, этномедиация бағытын ұстанамыз. Мәселен, өңіріміздегі әр ұлттың, этностың мәдениетін, салт-дәстүрін, ұстанымын зерттеп, біліп жүру – біздегі медиаторлардың міндеті. Олармен қарым-қатынаста қандай әдісті ұстану керектігі тағы бар. Сол арқылы алдын алу шараларын жүргіземіз, – дейді Айжан Аутайқызы.

Жалпы, қазақ халқының үлкенді сыйлауы – жазылмағанымен, орындалуы тиіс заң. Бұл – бүгінде қазақтың ғана емес, қазақпен біте қайнасып өмір сүрген өзге ұлт өкілдерінің де ұстанымына айналған. Айжан Аутайқызы медиаторларға сондай кезде Ассамблеяның «Аксақалдар кеңесі» көмекке келетінін айтады. Ақыл-кеңесін беріп, тоқтамаға шақыратын «Аксақалдар кеңесімен» бірлесу жұмыс жасайтынын тілге тиегі етті.

Ассамблеяның «Аналар кеңесінің» жұмысына да ерекше тоқталу керек. Айжан Қиясова төрағалық ететін кеңес бүгінде өз жұмысын жаңа леппен бастаған. Ұлттық дәстүрді, мәдениетті және мемлекеттік тілмен қатар, ынтымақ пен бірлікті насихаттайтын кеңес құрамында әр ұлт өкілдерінен құралған ақ ежелермен қатар, кәсіпкер әйелдер де бар.

– Биыл «Мәдениетті ана – Мәдениетті ұлт» жобасын жалғастырамыз. Оның аясында балалар үйінің тәрбиеленушілерімен, жоғары сынып оқушыларымен және университет студенттерімен кездесу ұйымдастырылады. Одан бөлек, түрлі байқаулар да ұйымдастырылады. Мәселен, «Анасы жақсы қандай-ды, қызы анасындай болғай-ды» атты конкурс арқылы салт-дәстүрді дәріптейміз, – дейді Айжан Қиясова.

Одан бөлек, «Аналар кеңесі» іскер әйелдермен кездесіп, неке және отбасы

құндылықтары тақырыбында аналармен кездесетінін де айту керек.

Ассамблеяның облыстық құрылымында Кәсіпкерлер қауымдастығы да жұмыс жасайтынын айту керек. Түрлі шараларды, атап айтқанда спорттық шаралар, қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру кезінде дәл осы қауымдастықтың атқарып отырған шаруасы ұшан-теңіз.

– Түрлі ұлт өкілдерінен құралған «Кәсіпкерлер қауымдастығы» кез келген жағдайда көмек қолын созуға әзір. Мәселен, еліміздегі су басқан аймақтарға көмек жіберу кезінде кәсіпкерлер белсенділік танытты. Жақсылық жасау – адамның ұлтына немесе ұлысына қарамайды. Одан бөлек, кәсіпкерлерге заң және қаржылық кеңес береміз, – дейді Кәсіпкерлер қауымдастығының мүшесі Еркін Абдулманатов. Ассамблея алқасының ашылуына бастама көтергенде де осы «Кәсіпкерлер қауымдастығы» екенін айту керек.

Облыстық Ассамблеяның Ғылыми-сараптамалық тобының жұмысына ерекше тоқталған абзал. Білікті ғалымдармен жасақталған кеңесті бірнеше жыл қатарынан медицина ғылымдарының докторы, профессор Вилен Молотов-Лучанский басқарады. Үш доктор, 14 кандидат, 3 магистран тұратын кеңес бүгінге дейін талай жобаларды жүзеге асырғанын айту керек. Атап айтар болсақ, этномәдени бірлестіктердің қатысуымен «Бейбітшілік пен келісім жолымен» экспедициясы, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Тарихтан – тағылым, өткенге – тағзым» конференциясы, мемлекеттік тілді еркін меңгерген этномәдени бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен «Ұлы даланың ұлттаралық тілі» форумы тұрақты түрде өтеді.

Одан бөлек, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін танымал ету мақсатында «Қазақтану» дәрісі, «Елтану» тарихи-ағартушылық экспедициясы сияқты жобалар жоғары деңгейде ұйымдастырылуда.

Ассамблея жұмысы мұнымен ғана шектеліп қалмайды. Қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайту жолында жұмыс жасайтын, білікті журналист Әшімхан Жампейіс жетекшілік ететін «Журналистер клубына», патриотизмді насихаттап, жастардың бойында руханият, ынтымақ және дәстүрлерге құрметті тәрбиелейтін «Ассамблея жастары» бар екенін айту керек.

### • ТАҒЫМ

## Кіндік шеше

Басқа халықтарда мұндай наным-сенімнің бар-жоғын білмедім, бірақ, біздің қазаққа кіндік шеше дегенге айрықша маңыз беретін, оны ерекше қадірлейтін бұрыннан келе жатқан жақсы бір қасиет бар. Оның негізінде «баланың бойына жақсы-жаман мінез бен қасиеттер кіндік шешесінен жұғысады, бала кіндік шешесіне тартып туады» деген ұғым мен сенім жатса керек.

Кіндік шеше дегеннен шығады, біздің ауылда Лида деген апай болды. Ауылдың үлкендері айтуға қиын болған соң ба, солай атап кеткен. Ал, шындығында, аты-жөні – Лидия Августовна Розенко. Осы Лида апайдың отбасы 1941 жылы Украинадан Қазақстанға күштеп қоныс аударылған неміс ағайындармен бірге Ақтоғай ауданының «Бірлестік» колхозына келіп тұрақтайды. 1938-1941 жылдары Харьков облысының Красноводск қаласындағы фельдшерлік-акушерлік мектепті бітірген, 17 жасқа енді ғана толған қыз баланың бүкіл өмірін жартысы Украинадан тым алыста жатқан Бірлестік ауылында өтеді деп кім ойлаған ол уақытта. Иә, ғұмырының қырық жылын осы ауылда өткізген Лида апай 1942 жылдың 1 қаңтарында Қоңырат ауданының Жамшы ауылдық кеңесіндегі медпунктке меңгеруші болып қызметке орналасқан екен. Содан 1980 жылдың қазан айына дейін бір орында тапжылмай еңбек етті.

Жарты ғасырға жуық уақыт бойы бүгіндей бір ауылдың, оның маңайындағы қыстақ-қыстақтың жарық дүниеге келген нәрестелерінің көпшілігін Лида апай аман-есен туғызып алып, кіндігін кескен. Оны ол уақытта кім есептеп жатыпты? Бірақ, «кіндік шешем Лида апай» дейтін замандастарымыз бүгінде арамдазда аз емес екенін білемін.

Талай нәрестенің бауын кескен Лида апай – менің де кіндік шешем. Кіндік шешем ғана емес, менің дүниеге аман келгеніме қуанып, атымды «Қуандық» деп қойған екінші анам десем болады. Бұл өз алдына бір әңгіме. Ана бір жылдары Жақсырақым Ғалиев ақсақал Қазбек Атаншаұлы молла туралы материалдар жинастырып жүргенде, бұл әңгімені менен жазып алып, газетке шығарған еді, кітабына да енгізген болатын. Сол әңгімені қысқаша баяндай кетсек, артық етпес.

Анам маған жүкті болған уақытта қаты сырқаттанып ауырған көрінеді. Сол уақытта Лида апай «Балқаштың ауруханасына барып қарал» деп, анама болмай жолдама береді. Қалаға келіп, ауруханаға



қаралып, дәрігердің «бұл баланы туа алмайсың, алғызып таста, оның аман-есен тууы екіталай, не бала өледі, не өзің өлесің» деген сөзіне көнбеген анам, ауруханадан бір сылтауын тауып сұранып шығып, Бала Дересіндегі көріпкел әрі тәуіп Қазбек молланың үйіне барады. Таңертеңгілік уақыт болса керек. Молла алыс жақтан келе жатқан, аурудан қажыған анам мен ол кісінің жанындағы үш-төрт адамды жылы қабылдап, бәйбішесіне азаннан самауырға шап қойғызып, дастархан жайғызыпты. Таңғы астан ауыз тиіп болған соң молла атамыз анамызға дұға оқып дем салып, соңында «қорқатындай ештеңе жоқ, балаң аман-есен дүниеге келеді. Мына бір емді жасасаң болды» деп, емделу жолын айтып түсіндіріп, шығарып салыпты. Көңілі жайланып ауылға қайтып келген анамды Лида апай сонда да қоймай, қайыра қаланың дәрігеріне бар деп қолқа салады, бірақ анам бармаймын деп дәрігерден бас тартыпты.

Адам өміріне жауапты болғандықтан, фельдшердің ол жолғы алаңдауын түсінуге болады. Қашан толғататын күнге жеткенге дейін Лида апай қатты уайымдау-

мен болғанын марқұм анам үнемі айтып отыратын еді. Замандары бір, жастары шамалас, құрбы-құрдас болған соң әкем де, анам да ол кісімен қатты қалжыңдасып, бір-бірін сөзбен қағытып отыратын. Өзіл-қалжыңдары жарасымды үлкендердің сыйластығына ол уақытта жас болған соң аса мән бермепті.

Сол заманның бір жақсылығы дейміз бе, 70-ке тарта түтіні бар шағын ауылда медпункт жұмыс істеді. Оның иесі – Лидия Августовна, көмекші медбикесі Рауна Тілеуберліқызы Ермекова, бұдан басқа Назым Қамықызы, Альма Готская деген көмекші қызметшілері болды. Осы медпункт ауыл адамдарына, шалғай қыстақтардағы шопандардың отбасына дәрігерлік кеңес пен көмек көрсетіп қана қойған жоқ, перзентхана рөлін де атқарды. Онда ауылымыздың талай баласының кіндік бауы кесілді, олар осы жерде алғаш жөргектеліп, анасының уыз сүтімен ауызданды. Фельдшерлік біліммен аурухана дәрежесіндегі медпункті ұстап тұру, қазір ойлап қарасақ, екінің бірі сене бермейтін ертегі сияқты. Бірақ, ақиқаты солай.

Лида Августовна туралы талай жақсы әңгімелерді естідік. Көзімізбен көргеніміз бар, газеттерден оқығанымыз қаншама, солардың барлығында ол кісінің өз кәсібіне деген адалдығы, ұқыптылығы мен тиынақтылығы, жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарайтындығы жазылды. Басы ауырып, балтыры сыздағанда, жаны қысылғанда ауылдағы ағайындар тәуліктің қай мезгілі екеніне қарамай, Лида апайдың үйіне жүгіретін. Ол кісі болса, шақыртулы алған мезетте шақырған үйге қарай асығып құстай ұша жөнелетін. Жазды күндері болса бір сәрі гоі, қыстың қақаған аязында, күннің боранды екеніне қарамай қалың қарды омылып, үйімізге сан мәрте келіп, ауырып қалған інілерімізді қарап кеткен кездері болды. Дене бітімі толық кісіге бұл оңай емес, алайда біздің бірде-бір шақыртуымыздан бас тартқан Лида апайды көрмепті.

Бірде ауылда тракторист болған бір үлкен ағамыздың айтқаны бар.

– Қыс айы еді, – дейді әлгі ағай, – кеш қарайып қалған мезгілде ауылдан 10-15 шақырым жердегі шопан атқа мініп жетіп келді. Сұыт жүрісіне қарағанда, үйінде бір жағдай болған сияқты. Бөлімше меңгерушісі маған тапсырма берді. «Жаныңа

Лида апайды алып, шопанның үйіне барсаңдар, Зайыбы толғатып жатқан көрінеді. Қатты қиналып жатса керек, дереу тракторынды от алдырып, қыстаққа жөнел» деді. Күнде көріп жүрген шопанның әйелі қиналып толғатып жатыр дегенді естігенде жан-тәніміз қала ма? Бірден тракторыма қондым. Бірақ Лида апай трактордың кабинасына мініп шығуды қиынсынды, өте толық адам ғой, үнемі машинаның кабинасына ғана мініетін. Ал бұл жолы машинамен апарудың еш мүмкіндігі жоқ. Ол үшін әуелі жолды аршып тазалау керек. Және өте қысыптыяң шақ, уақыттан да ұтылмау қажет. Сондықтан, трактордың артына тіркемесін жалғаудан басқа амал қалмады. Астына қалындап киіз салып, жақсылап қымтап орап, тіркемеге отырғыздым, осылайша жаңағы қыстаққа жеттік. Біздің жеткеніміз сол еді, айналасы 15-20 минуттың ішінде Лида апай шопанның әйелін басандырып алды. Өбден жайғастырып болғанына түн ортасынан ауды. Ауылға ертеңінде қайттық. Мен кабинадамын, ал, Лида апай тағы да сол тіркемеде. Бұл бір ғана болған оқиға.

Осындай қиын жағдайда, тыныс-тіршілігі табиғаттың құбылмалы мінезімен қоса өзгеріп тұратын ауыл өмірінің нағыз ортасында халыққа, соның ішінде шалғай қыстақтардағы шопандарға қызмет көрсетудің бейнетін молынан көрген Лида апай 1979 жылы зейнеткерлікке шығып, 1980 жылдың қазан айында Қарағанды қаласына көшті. Бүкіл ауыл-аймақ құрметтеп, сән-салтанатымен шығарып салды. 2000 жылдары Германияға қоныс аударды. 2007 жылы атамекенінде болып кеткен Ақтоғайын, Бірлестігін аралап, өмірлік жұды Петр ағайдың кабіріне зиярат жасап, туғандай болып кеткен халқымен жүзесіп, мауқымыз бір басып қайтамын деп жолға шыққанын естігенбіз. Бірақ ажал шіркін ол арманына жеткізбепті. Қарағанды қаласында маусым айының 12 күні жүрегі соғуын мәңгілік тоқтатқан екен. Бір көресек, құрметтіміз бен сыйымызды көрсетсек деген арманымыз болып еді. Алайда, тағдыр жазбаған нәрсе болмайтын көрінеді. Біз де Лида апаймыздың жүзін көре алмай, аңсап сағынумен қала бердік. Кейіннен бір ауылда қатар өсіп, жақын-жуықтай болып кеткен балаларын тауып алып, отыз жылдай үзіліп қалған байланысымызды қайта жалғасты-

ра бастадық. Осыдан тура он жыл бұрын Қарағанды қаласында тұратын кенже қызы Антонина Петровна маған көптеген мәліметтер берді. Мына суретті Тоняның бізге жіберген ескерткіш сәлемдемесі ретінде қабылдадық.

Биыл сәуір айының 18 күні Л.А.Розенконың туғанына 100 жыл толды. Халқы алақанына салып ардақтаған ауылы жаны рухына мың мәрте салауат айтып, Алладан шапағат тілесек те, артық емес. Қазіргі жүрген менің көптеген ауылдастарымның Лида апайға деген ризашылығы шексіз деп ойлаймын. Өйткені, Лидия Августовнаның жасаған еңбегінің жемісі – бұл бүгінгі күні шат-шадыман көңіл күйде өмір сүріп жатқан мына біздер, ол кісінің «кіндік» балалары. Дені сау, он екі мүшесі бүтін ұрпақ болып бүгінгі күнге аман жеткеніміз ақ халаттай ары таза, ниеті адал Лида апаймыздың арқасы.

Ауыл фельдшерінің халыққа жасаған ұшан-теңіз еңбегін біз алғысымызды білдіре еске алып жатсақ, үкімет сол уақытта-ақ лайықты бағасын беріп, мемлекеттік наградалармен марапаттаған екен. Оған келтірер айтақтар көп. 1941 жылы Қызыл Крест қоғамының жұмысына белсене қатысқаны үшін берілген Грамота, медицина саласындағы көп жылғы мінсіз қызметі үшін берілген Құрмет грамоталары ол кісіге көрсетілген сый-құрметтердің бір парасы ғана. Ал, нағыз жұлдыздар Лидия Августовнаның кеудесінде жарқырады. 1966 жылы «Құрмет белгісі» және 1970 жылғы Ленин медалі, 1957 жылғы «Тың жерлерді игергені үшін» және 1976 жылғы «Еңбек ардагері» медальдары, сондай-ақ, 1976 жылғы СССР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен берілген «СССР денсаулық сақтау саласының үздігі» белгісі ақ халатты абзал жанның халыққа сіңірген еңбегіне берілген баға, көрсетілген құрмет. Еңбектегі абыройын асқақтатып, мәртебесін биіктеткен осындай наградалармен қатар, Ақтоғай аудандық халық депутаттары кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып сайланған ауыл фельдшерінің есімі ауданның Құрмет кітабында алтын әріппен жазулы тұр.

Қуандық СӘДЕНОВ

БАЛҚАШ қаласы



• ЗЕРДЕ

# Кездескен деген осы...

(«Шыт көйлектің» шеруі)

Бір-бірін сырттай жақсы білсе де, өмірі жүздеспеген адамдар жеткілікті. Былай қарасаң, олардың кездесуі соншалықты міндетті де емес. Қайтеді кездесіп? Бәлкім, екеуі екі өңірде тұратын шығар... Тіпті бір қаланы мекендеген күннің өзінде жүзбе-жүз ұшырасудың сәті түспеген болар. Әйтеуір кейбір жандар көңілі түзу екеніне қарамастан, бір-бірінің келбетін көпке дейін көре алмай, ұзақ жүреді. Солардың ішінде «Шіркін-ай, осы бір тілеулерестер өзара жолықса ғой» деп іштей ниеттестік танытатын қадірлі кісілерің болады. Баяғыда біздің жастық дәуірімізде белгілі жазушы Танаш Дәуренбековтің «Біз әлі кездесеміз», «Кездескен деген осы» деген елге танымал екі романы бар еді. Ол кездегі оқырманның көбін алдымен кітаптың мазмұнынан гөрі осы шығармалардың елең еткізерлік атауы қатты қызықтыратын. Сол сияқты біз тілге тиек еткелі отырған бұл кездесуді де бірқатар жұрт асыға күткен-ді. Соның арасында өзіміз де бармыз.

Себебі де жоқ емес-ті. Осыдан екі жыл бұрын «Шыт көйлек» деген эссе жазғанбыз. Онда біздің жас шағымызда қазақтың арқалы ақыны Абзал Бөкеннің «Шыт көйлек» деген өлеңінің ҚазҰУ-дің қалашығына кең тарағаны, жастар оның авторын анық білмесе де, жаппай жаттап, жарыса оқығаны жөнінде айтылатын. Сол өлеңдердің ішінен нарыққолдық жас жігіт Шерубайдың көркемдеп оқуы бөлек-ті. Иә, өлеңді мына мөр ғып басқан кезде жиырма беске жаңа толған студент, бүгінгі академик Шерубай Құрманбайұлын айтып отырмыз. Шымыр Шерубай «Шыт көйлекті» сол оқығаннан мол оқыды. О, енді оның оқуы ешкімге ұқсамайды. Шерубай образға кіріп, образ Шерубайға кіріп, бастап кеткен кезде қалай елти жөнелгенінді байқамайсың. Қазаққа қара өлеңнің қыруар қазынасын қалдырып кеткен Қадір ақынның:

Жазираның жалғыз сәні жаздағы,  
Жиде түлі қызғалдақтай маздады.  
Бір бұтаға қонып алып жас бұлбұл,  
Жырга айналып ағып кете жаздады, —  
деген жыр жолдары бар еді. Шерубай шырығып алып, өлеңнің өрісі мен өріміне қарай дауысын мың құбылтып, әр сөзін әрлеп, әр буынын зерлеп, жұртты әбден баурап алған шақта сезімге ерік берген сен де жаңағы әсершіл бала бұлбұлдың кейіпін кешіп отырарсың.  
«Шыт көйлекті» шыт көйлек қылған



жалғыз Шеру емес еді. Одан үйренгені бар, өз бетінше талап қылғаны бар, қазақ жұртының әр қиырында осы өлеңді жеріне жеткізе оқитын біршама көркемсіз шеберлері қалыптасты. Қыр мен Сырдың перзенттері Абзал ағамның әйгілі жырын нәшіне келтіре, такылдай тәпсірлеп, өз өлкесінің үлкені мен кішісіне жаттатып жатты. Шынайы «шыткөйлекшілдік» дәстүрі жырқұмар қоғамды толық жайлап алды. Жалпы, Шерубайдың «Шыт көйлек» шеруі ұзаққа созылды. Жиырма бесінде жаттаған жырды оқи-оқи ол алпысқа таяды. Бірақ осы уақытқа дейін әуелі авторын білмей жаттаған, кейін біліп алып, атын атап, түсін түстеп оқыған «Шыт көйлектің» бас иесімен әлі жүздеспеген-ді. Соған орай әлеуметтік желіде бүкіл ел болып талқылаған әлгі эссеімді былайша аяқтағанбыз: «Жә, бітті енді осымен атышулы «Шыт көйлек» хикаясы. Бұл әңгімені қайттып қорытсақ екен енді а?! Өлең оқушы өлеңмен өзектесіп, қанша жылдан бері бірге келе жатса да, сол өлеңнің авторымен әлі күнге дейін арнайы кездесіп, шүйіркелесіп әңгімелесе қоймапты. Қарбалас қоғам. Тынымсыз тіршілік. Маза-сыз мезгіл. Ұшқыр уақыт. Сан мың себебі... Әйтеуір сәті түспеген.

Сәті түсер, реті келер... Өлең авторы мен өлең оқушының алғаусыз жүздесуіне де қуә болармыз. Үміт күтейік алдағы күннен...».

Сәті түсті соның жақында. Қарағандыдағы Кеншілер сарайында Абзал Бөкеннің жетпіс бес жасқа толуына орай «Күн астынан күміс жамбы жаудырған» деген шығармашылық кеш өтті. Кешке іргедегі Астанадан Шерубай Құрманбайұлы арнайы келді. Бұл күнгі кездесуді жырсуіер жұртшылық аса тағатсыздана күтті. Шерубайдың сахнаға шығуы онсыз да әсерлі кештің керемет кульминациясына айналды.

Әрине, кеш басталғаннан бері «Шыт көйлек» елеңбей қалған жоқ. Жас әртістер ме, көркемөнерпаздар ма, әйтеуір өңкей бір талапты ұл-қыздар өлеңнің әр шумағын бөліп алып, кезек-кезек оқыды. Одан соң Абзал ағамның өзі де қырық жыл киген «Шыт көйлегі» емірене тағы бір нискеп қойып, төгіп-тегіп тастады. Бәрібір Шерубайдың шеруі жетпей тұрды. Бір кезде жүргізуші оның өзін ортаға шақырды. Көрерменнің ықыласында шек жоқ. Кен залды шапалақ үні кернеп кетті. Кеншілер сарайының түндігі желпілдеп тұрды. Айбарлы ағасы

ізетті інісіне құшағын айқара ашты... Шерубай жай келмепті. Алдымен мерейлі жасқа жеткен Абзал ағамның нығына әдемі шапан жапты. Сөйтіп, бүгінгі белгілі тілші-ғалым сонау студент кезінен академик болғанша кастерлеп сақтаған шыт көйлекті зерлі шапан етіп қайтарды. Басына қауғадай бөрікті қоса кигізді. Көріңгенің көзін тартатын бұл көрініске разы болмаған жан жоқ. Бір кезде осы қаланың іргесіндегі шахтада жұмыс істеген Жүмекен ақынша айтсақ, «Күйе басқан кірпіктерің сәл ашып, Қарағанды бір қараған секілді» болды айбынды Абзал мен ширақ Шерубайға... Жақсы дүниенің нобайы көзіне шалынса, жолбарыша атылуға дайын тұратын фотомерген Жангелді ініміз бұл сәтті де қалт жібермегенге ұқсайды.

Содан оқыды Шерубай «Шыт көйлекті». Күндей күркіреді. Жаңбырдай жауды. Селдей лақсыды. Теңіздей тербелді. Бабында екен әлі. Сол дауыс. Сол кимыл. Сол мәнәр...Талай жыл өтсе де, «Шыт көйлек» өңін өзгертпейті. Түсі кетпейті. Тауары сөтінемепті. Көнерсе де кірлемепті. Жуылса да жидімепті. Киілсе де кәделі. Жұқарса да жарасымды. Сол күйі. Әдемі. Әрлі. Әсерлі. Шерубайдың өзгеше оқу тәсілі жиылған жұртқа да, абыройлы авторға да осыны ұқтырды.

Жол құрғатпай тағы да жыр патшасы Жүмекенге жүгінесек:  
Мұның бәрі сөзбен айтсаң — тыныштық,  
көзбен көрсен?..  
О түсінем, түсінем.  
Қарағанды қайнап жатыр, бір ыстық, бір керемет жүректердің күшімен...  
Сөйтіп, олар осылай жүздесті. Бірақ бұл Шерубай енді қайтып «Шыт көйлекті» оқымайды деген сөз емес. Алпыстың асуына аяқ артқалы тұрған ол «Шыт көйлектің» одан әрі тынысын ашып, шырайландыра түседі әлі...  
Әдемі әсермен әділдейтін «Шыт көйлек» эпосына тәмамдалды. Табиғи талант иесі Танаш көкем тірі болса, мұндай да байыппен ғана тіл қатып, «Кездескен деген осы...» дер еді...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,  
ҰҒА академигі  
Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТЕАТР

# Өндіріс шаһарындағы көркем өмір

Теміртау мәдениет сарайында Қазақ жастары экспериментальды театры Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» драмасын сахналады.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Театр құрамы металлургтер қаласының Мәдениет үйінде жұмыс істейтін театр клубының тәрбиеленушілерімен жасақталған. Алғашқы спектакль С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының режиссері Бекмұхамед Киікбаевтың жетекшілігімен қойылды.

— Барша халық Теміртауды өнеркәсіптік қала ретінде ғана біледі. Біз мұнда мәдени іс-шаралардың көбірек өткенін қалаймыз. Ең бастысы — жастар мәдениетке тартылады. Әзірге жеке театр ашуға мүмкіндік жоқ. Бірақ, Мәдениет үйінің сахнасында нақты қойылымдар қоюға болады. Көрермендер мен Теміртау басшылығы алғашқы қойылымды жақсы қабылдады. Театрдың болашағы жарқын болады деп үміттенеміз. Актерлердің образды сомдауына қарап отырып, көңілме қуаныш ұялады. Талантты ұл, қыздар баршылық. Тек солардың қабілетін шыңдау үшін қолдан келгенін бәрін жасауымыз тиіс. Дарын иесі өз-өзін таныса, іштей қуатын сезсе, келешекте шебердің өзіне айналады. Қолдау білдірген көрерменге де алғысым шексіз! — деді Бекмұхамед Киікбаев.

«Бір түп алма ағашы» психологиялық драмасы осы уақытқа дейін сахнадан түскен емес. Бұл спектакль көрерменге адам баласының ғұмырында туған ел, жердің алдында атқаруы тиіс қасиетті борышы хақында ой салады.

Залға лық толған жас көрермендердің спектакльден толғаныспен шыққанын аңдадық. Драма ішіндегі диалогтар мен бас кейіпкердің ішкі монологтары, ой-толғаныстары көрерменге туған жерге, елге деген сарқылмас махаббаттың алауын көрсеткендей болды. Халықтың ыстық ықыласын қошеметінен де сезгендей болдық.

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# Бес ғасыр бебеу қаққан ән кеші

Ғасырларға сапар шеккен, аты аңызға айналған «Роксонаки» этно-рок тобының солисі, I халықаралық «Азия дауысы» фестивалінің I орын иегері Серік Көшкінбаевтың көптен күткен шығармашылық кеші Арқа төсін дүбірге бөледі. Ине шаншар орын қалмаған «Шалқыма» концерт залына көрермен қауымымен қатар облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Әсет Аманжолов қатысып, ақжарма лебіздерін жеткізді.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, дирижер Ерлан Бақтыкерейдің жетекшілігімен Тәттімбет атындағы академиялық ұлт аспаптары оркестрі сахна шымылдығын Түркештің «Көңілашар» күйімен ашып, әдеген бетте көзайым жұртшылықты ерек әсерге бөлеп сала берді.

— Қазақ музыкасының феномені болған топ, халқымыздың бай мұрасын әлемге танытты. Тоқсаныншы жылдарда жанқиярлықпен еңбек етіп, дүниежүзілік мәдени қабатқа қара нардай қақ жарып, жол бастаған өзіңіздей дарабоз өнер иелері. Ықылым заманнан біздерге жеткен жырлар жырын тірілкен, фәниқұстай түлеткен сара жолыңыз ел жадында қалды. Осынау киелі сахнадан азырақ қол үзгеніңізбен, еліңізді сағындырып, үздіктіріп қайта оралдыңыз. Тағы да топ жардыңыз! Сол сахнаны аңсапқан сартап сағынышыңыздың орны бүгін толды деп мерейленеміз. Алаштың ән аманатына қиянат жасамай, ұлының Нұрботаға ұстатқандай әдемі әсердеміз, дей келе Ерлан Бейсембайұлы облыс әкімінің жүрекжарды лебізі мен қадесыйын табыстады.

Кезінде Канада, Жапония, Германия сынды мемлекеттерде өнер көрсетіп, акзер әлемнің көрер-



менін қайран қалдырған, Асан Қайғы, Жиембет, Үмбетей, Бұқар сынды бас жырғаулар шығармашылығын заманауи нақышқа салып орындап, қарақөздеріміздің де жүрегің тербеген этно-рок тобының әншісі араға аздаған жылдар салып, өнерсуіер қауыммен қайта қауышты.

— Бүгін жүрек сағынып, көңіл іздеген әлемді әділдеген әуезді әуен жансарайымыздың төріне жайғасты. Жасаған ғұмыр берсін, сахнасын сағынған саңлағым! Ән керуеніңіз көрікті болсын! Арқадан ән үзілмесін! — деп шамырқа-

на тілек қосты Алаштың алтын жүрек атымтайы Бекзат Қомарұлы.

Сахна төріне отбасымен қамдам аттаған Серік Төлеуханұлын жиылған жұртшылық тік тұрып қарсы алды. Елге айтулы әншілер ұлы Нұрбота Көшкінбаев және жан жары Гүлнәр Жұмаева үшеуі машылығымды шындай түссем екен деймін. Соңымыздан ерген бірталай жас әнші шәкірттерім де бар. Олар репертуарымдағы әндерді шырқап көріп, алған әсерін айтып жатады. Өнер өлмесін десек, оны өрістетіп түскен абзал. Ниет — мұраға айналған дүниелерді халық ықыласының талғам-таразысына қайта тарту. Осы орайда, өздеріңізбен қайта қауышуға кең мүмкіндік жасаған облыс әкімдігі мен облыстық мәдениет басқармасы басшыларына шынайы алғысымды жеткіземін! — деп тұжырдды ойын хас әншінің өзі.

Кеш барысында республикалық конкурстар лауреаты Нұрболат Еренғайыпов Ж.Сейіловтің «Абзал жан» әнін тамылжытып, «Мерей» триосы «Роксонаки» тобының жетекшісі Руслан Қараның сазына жазылған Бұқар жыраудың «Өлмегенде не өлмейді» атты шығармасын сәтті орындады.

Кешке ат басын арнайы бұрған белгілі әнші, өнертанушы Ерлан Төлеутай мен халықаралық ән байқауларының лауреаты, Бауыржан Исаев ән мен әуезден гүл шоғын сыйлап, көңіл тебірентер естеліктерімен бөлісіп, кеш несіне шалқар шабыт тіледі.

— «Азия дауысы» байқауын ол кезде білмеген жан кем де кем болса, бүгінде ұмытқан адам кем де кем болар, шіркін, — деп әңгімесінің әлқиссасын бастаған Бауыржан Исаев сөзін сол дәуірге апарғандай риясыз кейіпте көрерменге бір қайырылды. — Біздің бозбала кезімізде Серік ағалар өнер көрсеткен әйгілі этно-рок тобы талайды сол жылдардан бермен қарай тәнті етіп келді. Біз де осы тұлғалардай ән өнеріңізді бір биігін еңсерсек деген алып арманымыз жоқ емес еді. Тілегеніміз орын-

далды. Іздегеніміз табылды. 1996 жылғы өзім де сол фестивалде бақ сынап, бас жүлдесін еншіледім. Сол сәт — дәп кешегідей көз алдыма. Жеңісіме алғашқылардың бірі болып шынайы қуанған да, риясыз мені қолдаған, бауырына басқан осы сан қырлы Серік Сері ағам болатын. Мұндай таңғажайып шақтар саналы адамның есінен өшпейді... Бұл кісімен бір сахнада тұру — біз үшін абырой биігі!

Онан соң дирижерлік мінберге Қазақстан Композиторлары одағының мүшесі, республикалық дирижерлер конкурсының бас жүлде иегері Әбілқайыр Сағымбаевтың жетекшілігімен Тәттімбеттің «Саржайлау» күйін әуелетті оркестр.

Әншінің ұлы Нұрбота Көшкінбаев та — ән әлемінде өзіндік сырлы жолы қалыптасқан ерек орындаушы, сырбаз сазгер. Кеш



барысында әкесімен қосыла шырылған әуендер былайғы тыңдарманын бейжай қалдырмай, құлды бір әке мен ұлының саз аясындағы сұхбатындай әрегі әдемі өрбіп тұрды. Бұл шығысында Нұрбота өзінің авторлық туындысы «Мой Казахстан» әнін тарту етті.

Кеш соңын Серік Көшкінбаев халықаралық «Азия дауысы» фестивалінде жүлде бөктерген әйгілі ән «Қырқышы жылғы бесік жырымен» тәмамдады. «Бөтем, бөтем, бөтем-ай-оу, қай жақта жатыр көкен-ай-оу...» деп алыстан талқасып естілер мұңлы әуен әсерлі кештен тарқаған қайма-на жұрттың жүрегің бір шым еткізіп, әуеге көтерілді де, концерт залының аспалы шамшырағының жалқын сәулесімен астасып кетті...

Суреттерді түсірген автор

## Білімпаздар бәйгесі

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «Қазақтың Қанышы» тақырыбында колледж студенттерінің арасында облыстық зияткерлік ойыны өтті. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйытқы болған сайыс заңғар ғалым, қазақтың маңдайына біткен асыл перзенттерінің бірі Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай ұйымдастырылды.



Ойынға 4 қатысушыдан құралған барлығы 5 команда қатысты, өзара бәсекеге түсті. Игі шара кітапхана басшысы А.Шаймуханбетованың құттықтау сөзімен басталды.

4 кезең бойынша білімдерін

сынаған топтар «Ой ширату» Қарағанды қаласы жайында сұрақтарға жылдам жауап берсе, «Үшқыр ойда» қалаған ұяшықтағы ғалымның өмірі, еңбегі, қызметі, кездесулері, нақыл сөздері, ескерткіштері, кино, кітапта-

ры жайында білімдерін тексерді. Ал, «Тапқыр болсаң, талас жоқ» кезеңінде топ басшылары «Құпия сандықта» жасырылған затты табуға күш салды.

Қазақ ғылымын биікке көтеріп, ұлтына өле-өлгенше қалтқысыз қызмет еткен Қаныш Сәтбаевтың еңбегін оқып білуге, дәріптеуге шақыратын осы сайыс жайлы қазылар алқасы өз пікірін ортаға салып, ой бөлісті.

Қорытындысында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар анықталды.

Арнайы диплом мен 35 мың теңге ақшалай сыйлыққа Қарағанды жоғары медициналық интерколледжнің «Алау» тобы және Қарағанды «Bolashaq» жоғары колледжнің «Bolashaqqa qadam» тобы, III орын және 63 мың теңге ақшалай сыйлыққа Қарағанды жоғары политехникалық колледжнің «Жалын» тобы ие болды.

Ал, II орын хәм 72 мың ақшалай сыйлық Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжнің «Форт» тобына, I орын және 90 мың ақшалай сыйлық А.Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжнің «Ер



Қаныш СӘТБАЕВ 125

Едіге» тобына бұйырды.

Сайыстан соң жастар жиналып, кітапхана алдына қайың ағашының көшеттерін екті, Қаныш Сәтбаевтың ескерткішіне құрметпен тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Аталған зияткерлік әрі танымдық ойында қатысушылар өздерінің талантын әр қырынан ашып, бар білімін көрсеткенін айта кеткен жөн.

Сандуғаш ТЕЛПЕКБАЕВА, **өлкетану әдебиеттері бөлімінің басшысы**

### • БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## «Біздерде мынадай бар, мынадай бар»

26 сәуір күні №2 оқушылар сарайында қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен, Қарағанды облысы өңірлерінің қосымша білім беру ұйымдары басшылары, әдіскерлер, қосымша білім беру ұйымдарына жетекшілік ететін мамандар, сондай-ақ қосымша білім беру педагогтары үшін «Шеберлік-тәжірибе-нәтиже» атты Қарағанды қаласы қосымша білім беру ұйымдарының озық жұмыс тәжірибесінің жәрмеңкесі өтті.

болып табылады, – деп атап өтті ұйымдастырушылар.

– Қарағанды қаласында бірнеше қосымша білім беру мекемелері бар. Кейінгі кездерде Оқу-ағарту министрлігі оқушылардың қосымша білім алуына қатты назар аударып жатыр. Қазіргі таңда 11

мызды көрсетіп, қала-аудандарда орналасқан мекемелерге үлкен жәрмеңке ұйымдастырып жатырмыз. Бұл қосымша білім берудің жәрмеңкесі, – дейді қалалық білім бөлімінің басшысы Есентай Өшім.

Жәрмеңке қатысушыларына кей, шеберлік-сыныптар, ак-

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Кейінгі жылдары елімізде қосымша білім беру жүйесі дамып, кеңейіп келеді. Қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептер базасында балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге және ынталандыруға бағытталған. Аймақта 11 қосымша білім беру мекемесі бар.

– Іс-шараның басты мақсаты – Қарағанды қаласының қосымша білім беру ұйымдарының жетістіктері мен жұмыс тәжірибесін, шығармашылық дағдыларды дамыту мен өзін-өзі жүзеге асырудың сапалы және колжетімді жағдайларын жасау үшін көркем-эстетикалық, гуманитарлық, экологиялық-биологиялық, жаратылыстану-ғылыми,



спорттық және техникалық бағыттары бойынша қабілетті балаларға арналған қосымша білім берудің тиімді тетіктері мен заманауи білім беру тәжірибелерін тарату

қосымша білім беру мекеміз бар. 11 мекеме жұмысының басын біріктіріп, биыл фестиваль өткіздік. Барлық музыка мектептерінің балаларынан кіріктірілген оркестр құрылды. Сонымен қатар №2 оқушылар сарайында заманауи тұрғыда жабдықталған сыныптар бар. Осы атқарылып жатқан жұмыстардың барлығын облыс әкімінің орынбасары Ерлан Бейсембайұлының ұсынысымен облысқа таратуды көздеп отырмыз. Сол себепті біз қазіргі таңда барлық қосымша білім беру мекемелерін жинап, қосымша білімге деген көзқарасымызды жеткен жетістіктерімізді көрсетіп, бағыт-бағдарымызды, бағдарлама-

терлік шеберлікті дамытуға арналған ойындар, құмдағы пейзаж, қыш-құмыра жасау өнері, ортекерлерді билету, ағылшын тілін оқыту, қобызшылармен жұмыс, хор, би өнері, питч-сессия, ақпараттық көрме, роботехника, сурет салу және т.б. сияқты белсенді нысандарда үздік білім беру практикалары ұсынылып, қосымша білім беру педагогтарының іс-әрекетке деген көзқарасын және практикада қолдану және тарату үшін қолда бар мүмкіндіктері көрсетілді.

Сонында шара білім беру мекемелерінің оқушыларының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**



### • ДЕНСАУЛЫҚ

## Вейпке жол жоқ

Жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Заңда темекі өнімдерін, вейптерді, хош иістендіргіштерді және оларға арналған сұйықтықтарды сатуға, таратуға, сондай-ақ, оларды жарнамалауға тыйым салынды.

Елімізде вейпке құмар жастардың, оның ішінде, кәмелеттік жасқа толмаған балалардың саны күрт артқан. Дерек бойынша электронды темекіні жасөспірімдердің 10 пайызы тұрақты түрде шегеді. Ал, оның зияндылығын зерттейтін елімізде бірде-бір орталық жоқ. Ең сорақысы, тауар елімізге сырттан ойыншық түрінде келіп жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен вейпке тыйым салынды. Өткен жылдың қазан айында Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті никотинді бар өнімдерге

қатысты техникалық регламентті әзірлеген болатын. Оған сәйкес Қазақстан нарығына ашық түрдегі электронды тұтыну жүйелерін, ауыстырылатын контейнерлер мен ашық түрдегі никотинді, сондай-ақ, никотинсіз сұйықтық құюға арналған ыдыстарды шығаруға жол берілмейді. «Қазақстан нарығына бір рет пайдаланылатын электронды темекі шығаруға жол берілмейді» делінген құжатта. Бұдан бөлек енді электронды тұтыну жүйелері мен сұйықтықтарды қаптамасынсыз айналымға шығаруға тыйым салынады. 21 жасқа толмағандарға электронды тұтыну жүйелері мен сұйықтықтар сатылмайды.



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, вейптің құрамында ағзаға қауіпті 31 зат бар. Ондағы никотин мөлшері – жай темекідегі никотиннен 70 есе көп. Глицерин мен пропиленгликоль майы ағзада жиналып қалады. Оның салдары өте ауыр. Темекінің бұл түрін пайдалануға әлемнің 34 елінде тыйым салынған. Уруғвайда

соңғы 14 жылдан бері электронды темекі мүлде сатылмайды. Қытай, Үндістан, Аргентина мен Мексикада бұл зиянды тауарды тұтынуға рұқсат жоқ. Заң толықтай өз күшіне еніп, нәтиже берсе нұр үстіне нұр болар еді.

Диляра АРҒЫН, **Қарағанды зерттеу университетінің 4-курс студенті**

### ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Қарағанды қаласы

№19/06

19.04.2024

## Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Кодекстің 84-бабында белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жататын объектілерді салу, атап айтқанда, төменде аталған жер учаскелерінің нысаналы мақсаты Қарағанды қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына қайшы келетін егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын іске асыру жолымен автомобиль жолдарын, магистральды құбырларды, инженерлік-коммуникациялық желілерді және елді мекендердің жалпы пайдалану объектілерін салу (қайта құру) бөлгінде елді мекендердің бас жоспарларын орындау мақсатында Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі жер учаскелеріне қатысты мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі қозғалсын:

1) Дауленов Абухан Нажига-ловичке жекеменшік құқығына тиесілі Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, 200 есептік квартал, 49 учаскесі мекенжайындағы көлемі 0,5326 га, кадастрлық нөмірі 09-142-200-049;

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылғы 1 маусым болып белгіленсін.

3. Келісімдік рәсімдерді жүзеге асыру үшін меншік иесінің өтініш беру орны болып өтініш беру арқылы Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан,

Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39, 425 кабинет мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Шакенов Д.А.) анықталсын.

4. «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Лияш Н.А.) осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде аталған қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Шакенов Д.А.) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 64-бабы тәртібінде жер учаскелерінің меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» ММ (Жашкеев Т.Б.) жер учаскелерін бағалау жөніндегі жұмысты жүргізу және заңнамада белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы Қарағанды қаласы әкімінің аппаратында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

М.КОЖУХОВ, **Қарағанды қаласының әкімі**

## Студенттер қалыс қалмады



Қоғамды ізгілендірудің сан түрлі тәсілі бар. Ізгі қоғамды, әлбетте, ізгілікке бет алған адам құрады. Қайырымды, білімді болу аздық етеді. Адам әуелі қоршаған ортасына қамқорлықпен қарай алуы тиіс. Яғни, өзін жүретін көше мен ауланды таза ұстасаң, маңайыңа жан тазалығы мен ішкі мәдениетіңнің денгейі көрінеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» акциясын бастаудағы негізгі мақсаты осы деп түсіндік.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазір бүкіл ел жаппай сенбілікке шығып жатыр. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерт-

және жастар саясаты департаментінің бас маманы Сағыныш Мүбарак сенбілікке студенттер белсенді қатысқанын атап өтті. – «Жасыл аймақ» апталығы аясында университетіміздің қызметкерлері және 40-тан астам белсенді студенттер 25 ағаш екті.

Акцияны өткізудегі негізгі мақсат – тұрғындарға қаланы таза ұстауға үндеу және жастарды еңбекке жұмылдыру, баулу.

Еліне, жеріне жаны аштың әр азамат осындай апталықтарға белсенді қатысуы тиіс деп есептеймін.

Әр тұрғын өз ауласын таза ұстап, көшеттердің өсуіне жағдай жасаса, қаламыз бұдан да жарлануа түсетін сөзсіз. 4 мамыр «Өнегелі ұрпақ» күні



теу университетінің студенттері де қалыс қалған жоқ. Жастар білім ордасының маңайын коқыстан тазартты. Университеттің әлеуметтік мәселелер

аясында қарттардың ауласын студенттер тазартып береді, – деді Сағыныш Мүбарак.

Сурет ұйымдастырушылардан

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-касіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Түризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құрылыс», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылымстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7121)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, [priemka@ksu.kz](mailto:priemka@ksu.kz)

№100

• ТУРНИР

# Журналистердің бильярд бәсекесі

Өткен сенбі күні қарағандылық журналистер бильярдтан сайысқа түсті. Бұл жолғы тастаяқ турнирін облыстық «Saryarqa» телераисы мен Қазақстан Журналистер одағының аймақтық филиалы ұйымдастырды.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Отандық тележурналистиканың дамуына сүбелі үлесін қосқан мемлекет және қоғам қайраткері, Қарағанды теле-студиясының тұңғыш директоры Қали Аманбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай өткен облыстық турнирге 22 БАҚ қызметкері қатысты.

Турнирдің ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын қатысып, журналистерге сәттілік тіледі.

– Қарағандының тарихында өзіндік орны бар Қали Аманбаевтың 100 жылдығына орай өткізіп жатқан турнирге сәттілік тілейміз. «Өткенін ұмытқан елге болашақ тас аталды», дейді. Бұл толқын өздеріне артылған міндетті абыроймен атқарды. Ағамыздың Қарағанды журналистикасына, телевиденнесіне сіңірген еңбегі – талай кітапқа жүк. Ұлтқа адал қызмет етті. Жүрген жолы бәрімізге өнеге. Міне, сол ағамыздың құрметіне бильярдтан турнир өткізіп жатқан ұйымдастырушыларға алғыс айтамын, – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Құрметті қонақтардың қатарынан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, мәдениет жанышы Рымба Омарбекқызы да табылып, Қали Аманбаевтың өнегелі өміріне қысқаша тоқталып өтті.

– Қали Әлібекұлының шәкіртімін десе де болады. Кәсібіне өте адал бола білді. Ұлттық деңгейдегі мәселелерді шешуге атсалысты. Ұйымдастыра білетін қасиеті ерекше еді. Қарағанды телевизиясын басқарып тұрғанда да айтулы шаруалар



атқарды. Міне, соны ескерген телевизия саласындағы шәкірттерінің бүгінгі турниріне ерекше ризашылығымды жеткізім келеді, – деді Рымба Омарбекқызы.

Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған Қали Аманбаевтың ұлы Сайран Әлібеков әкесінің құрметіне өткізіліп жатқан турнирдің ұйымдастырушыларына айрықша алғысын жаудырды.

«Әкеміздің атын жаңғыртып жатқан телераиса журналистеріне ерекше риза-

мыз. Ол кісінің еңбегін бағалап, осындай құрмет танытқандарыңызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ», – деді ұлы.

Турнирге өңірімізге қарасты БАҚ саласындағы 22 қызметкер қатысты. Тартысқа толы бәсекеге жас журналистер де, ардагер аға буын да бақ сынап, сайысқа түсті. Турнирге арнайы бекітілген төрешілер байқауды барынша бақылауында ұстап, ереже тәртібінмен өткізді.

Танертең басталған турнир қас қарай-ғана созылды. Жеребе арқылы сайысқа түскен журналистер арасындағы турнир тартысты өтті. «Бірінші Қарағанды» те-



ларнасының монтажері Марат Тәкішев жүзден жүйрік шықты. Ал екінші орын «Индустриальная Караганда» газетінің ардагер фото тілшісі Валерий Петуховтың шеберлігіне бұйырды. Үшінші орынға Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалының директоры Жанібек Салдыканов ие болды. Жарыс жүлдегерлеріне арнайы диплом мен қаржылай сыйлық табылды.

Бұдан бөлек, үш аталым бойынша ар-

найы сыйлық табылды. «Көрермендер көзайымы» номинациясы ардагер журналист Сүйіндік Жанысбайға берілсе, «Үздік техникасы үшін» марапатына «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда лайық деп танылды. Ал «Бірінші Қарағанды» телераисының директоры Ержан Мақатов «Жеңіске деген ұмтылысы үшін» арнайы сыйлығына ие болды.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

• МЕРЕЙ

# Қаламгер туған елімен қауышты

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Қарағанды облысы мен Шет ауданының Құрметті азаматы, көрнекті жазушы, этнограф Төрехан Майбас биыл 70 жасқа толды. Жылдың басында Қарағанды қаласында бастау алған дүбірлі думан жақында туған жері Шет ауданында тағылымға толы кездесу кешімен жалғасын тапты.



Нұрдіс КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жуырда Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығына ие болған Төрехан Әкімжанұлы алдымен аудан әкімі Мұхит Мұхтаров арнайы қабылдап, құттықтады. 88 қаламгердің ішінен жазушы Өмір Кәріп ақсақал мен жазушы Төрехан ағамыздың оза шауып, бөйге алғаны зор мақтанш екендігін жеткізді. Қазақы дәстүрмен иығына шапан жауып, естелік сыйлығын табыс еткен аудан әкімі бұл марапаттың Арқа даласы, оның ішінде шежірелі Шет ауданы халқы үшін айрықша қуанышқа толы сүйінші жаңалық екенін айтып, қаламгерге шығармашылық табыс тіледі.

Бұдан кейін Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінде «Жазушының нұрлы әлемі» атты кездесу кеші ақынның арнауымен басталды. Шара барысында мере-

йтөй несіне сый-сияпат жасалып, туған жұрты атынан қаламгерге шапан жабылып, ерекше құрмет көрсетілді. Мұнан соң әсерлі кеште қаламгермен кезінде қызметтес болған замандастары Халықаралық журналистер академиясының академигі, журналист Нұрхан Мыңбай, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері Оралбек Жүнісұлы әдемі естеліктерімен бөлісті. Сонымен қатар, Шет ауданы әкімінің орынбасары Орал Зейірбекұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірғали Қызылов, аудандық аналар кеңесінің төрағасы Гүлшара Ахметбекова, ардагер Ертай Жарылғапұлы, музей басшысы Салтанат Қамытбаева ақжарма тілегін білдірді. Кеште жергілікті өнерпаз Нұрбек Шабановтың орындауында әуеленген Манарбек Ержановтың «Сайра, бұлбұл», Әліхан Жәңгірөвтің «Домбыра» әндері

елдің құлақ құрышын қандырды. Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектебінің оқушылары құдіретті қалам иесінің 20 жасында жазған өлеңдерін жатқа оқып, жастық шақпен қауыштырды.

Қаламы жүйрік қаламгермен жүздесу еркін үлгіде өтті. Оқырман мен шығармашылық өкілінің арасын асыл рухты алтын сөз байланыстырып, өнердің биік шыңына шыққандай әсерге бөледі. Туған жерге деген бала махаббатын жетісі жастың желкенін керең шақта бар болмысымен мойындап, дүйім елге тағзым еткен үлкен жүректі азаматтың ел алдында есеп беруі, тұғыры биік туған жерге тағзымы деп түсініп, сүйсіне қол соқты қалың жұртшылық.

Бұдан кейін жазушының 70 жасына арналған «Өлкенің текті ұрпағы» атты кездесу кеші аудандық орталық кітапханада жалғасты. Кездесу кешіне зиялы қауым өкілдері, жергілікті әншілер мен студенттер,

жас оқырмандар қатысты. Шет аудандық мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Асхат Ахметов, аудандық орталық кітапханалар жүйесінің директоры Мейрамгүл Сансызбайқызы мерейтоймен құттықтап, өз жылы лебізін білдірді. Келген қонақтар мерейгерді мерейлі жасымен құттықтап, қаламгердің еңбек жолындағы өздерінің ой-пікірлерін, ықпалдарын білдіріп, тілектерін айтты. Қаламгердің шығармашылық жолына, жеткен жетістіктеріне, бүгінгі күнге дейін атқарған қызметтеріне тоқталып, өлкеміздің игілігі үшін жасап жатқан мәдени-рухани, әдеби қызметі жайлы кеңінен тоқталып кетті. Шараны жүргізген кітапхана қызметкері Азамат Нұрахметов жазушы Төрехан Майбастың әдеби шығармашылығымен таныстырды. Кеш иесі әдебиет, адамгершілік, ізгілік, руханият төңірегінде оқырмандармен ой бөлісті. Өзінің жазушылыққа қалай келгеннен бастап, бүгінгі күні шұғылданып жатқан ісінен ақпар беріп, әдеби өмір жолы мен шығармашылығы туралы әңгіме өрбітті. «Керат әңгімесі қалай жазылды?», «Бүгінгі ұлт әдебиеті қандай тақырып, қандай бағытқа зәру?», «Кітаптың атын неге «Алжыған ғасыр» деп қойдыңыз?» деген сияқты қызығушылық танытқан оқырман сұрақтарына жауап берді. Қазіргі жас буынға бос уақытты қалай тиімді өткізу туралы ағалық ақыл, өсиетін айтты. Сонымен қатар, «Алжыған ғасыр» кітабына жазалған бүктейлер көрермен назарына ұсынылды. Сондай-ақ, оқу залында кездесу кешіне орай жазушы Төрехан Майбастың шығармашылығына байланысты кітапхана қорындағы кітаптарынан, жергілікті мерзімдік басылымдарда жарияланған мақалаларынан кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кеш соңында жиналған қауым жазушыға алтын уақытын бөліп, сырышыл әңгімесімен бөліскені үшін алғыстарын айтып, автордың қолтаңбасын алып, естелік суретке түсті.

Шет ауданы Суретті түсірген автор

• БАЙҚАУ

# Жас күйшілер – жүлделі

Қарағандыдағы «Қарақат» мектеп-студиясының «Көңіл-ашар» домбырашылар ансамблі Gulnar Fest ұйымдастырған көпжанрлы халықаралық байқауға қатысып, жүлделі II орын иеленіп қайтты. Жас күйшілер Әбдімомун Желдібаевтің «Ерке сылқым» күйін орындады.

Аялым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Республиканың түпкір-түпкірінен күй бағытында 20 ансамбль қатысқан сайысқа «Мен қазақпын» тележобасының қатысушысы, дирижер, домбырашы Шыңғыс Исаев төрелік етті.

Сахнаға алғаш шыққанда балаларда қорқыныш сезімі басым болыпты. Сол себепті күйдің кейбір жерлері дұрыс естілмей қалған.

Ансамбль мүшесі Айдар Шәмшідин мұндай байқауға алғаш рет қатысып отыр.

– Көп дос таптым. Біраз нәрсе үйрендім. Сахнаға шыққанда ештеңе қобалжыдым. Бірақ, күй басталғанда рухым көтеріліп, бойымды жиып алдым. Ұстазымыз Шыңғыс ағай бізді байқауға көп дайындады. Мұнда келгенде де қасымыздан бір елі де ұзап кеткен жоқ. Үнемі қасымызда болды. Қонақ үйде де «Ерке сылқым» күйін бірнеше рет қайталап, дайындалдық. Шымкент өте әдемі қала екен.

Ұнады. Мұндағы келген оқушылардың бәрі талантты. Бірі – әнші, бірі – биші. Ал, біздің жансерігіміз – домбыра. Осы байқаудан кейін домбыраны бағыдан қатты жақсы көре бастадым, – дейді ансамбль мүшесі Айдар Шәмшідин.

Ал, күйшілердің жетекшісі Шыңғыс Зікірияның айтуынша, байқау бес бағытта өткен.

– Атап айтсақ, ән, би, күй, актерлік шеберлік және мәнерлеп оқу. Күйді орындағанда кейбір жерінен қателік кетті. Сондықтан, екінші орын бұйырды. Ансамбль құрамында бүгінде 42 бала бар. Байқауға 29 бала қатысты. Алдағы сайыстарда кемшілікті қайталамауға тырысамыз, – дейді Шыңғыс Нұрғалиұлы.

– Байқау жоғары дәрежеде өтті. Келесі байқауға бұдан да тыңғылықты дайындалып, жаңа күшпен ораламыз, – дейді жас күйші Нұрасыл Қуандық.



Оқырман назарына! Газеттің келесі саны 4 мамыр, сенбі күні шығады

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБИДА**  
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.

Газет сенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 48 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **ЕРІП НАРЫН**